

"Қожа Ахмет Ясауи атындағы халықаралық Қазақ-Түрік университетінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 31 желтоқсандағы № 1482 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 13 шілдедегі № 425 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Қожа Ахмет Ясауи атындағы халықаралық Қазақ-Түрік университетінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 31 желтоқсандағы № 1482 қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасынан Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық Қазақ-Түрік университеті Өкілетті Кеңесінің құрамына:

Ақтаева Ләзат Мейрашқызы	- Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министрі;
Қоянбаева Мейрамгүл Қайратқызы	- Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Әлеуметтік сала бюджеті департаменті директорының орынбасары енгізілсін;
мына:	
"Асылова Бибігүл Аманкелдіқызы	- Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министрі";
деген	жол мынадай редакцияда жазылсын:
"Асылова Бибігүл Аманкелдіқызы	- Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министрі, төрағаның орынбасары";

көрсетілген құрамнан Елжан Амантайұлы Біртанов және Айнұр Асылбекқызы Жабатаева шығарылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Б. Сағынтаев